

Қызылқия ауылы округінің Қызылқия елді мекенінің шекарасына өзгеріс енгізу туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы мәслихатының 2009 жылғы 30 қазандағы N 24/188-IV шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 30 қазандағы N 2 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 17 қарашада N 14-6-83 тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 108 бабының 5 тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 және 31 баптарына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШТІ** және аудан әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қызылқия ауылы округі әкімі міндетін атқарушысының ұсынысын ескере отырып, Қызылқия ауылы округі, Қызылқия елді мекенінің 239,0 гектар жеріне қосымша барлығы – 15,0 гектар Қызылқия елді мекенінің жайылым жерлері қосылып, жалпы аумағы – 254,0 гектар жерлерге ұлғайтылып елді мекеннің шекарасына өзгеріс е н г і з і л с і н .

2. Осы бірлескен аудандық мәслихаттың шешімі және аудан әкімдігінің қаулысы алғашқы ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

	<i>А у д а н д ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т</i>
<i>сессиясының төрағасы</i>	<i>Н.С.Аширов</i>	
<i>Аудан әкімі</i>	<i>Т.С.Алиев</i>	
<i>Аудандық мәслихат хатшысы</i>	<i>А.Ж.Омаров</i>	